

## Камышин ауылдық округінің Камышин Чандак ауылындағы құрамдас бөліктердің қайта атауы туралы

Қостанай облысы Федоров ауданы Камышин селолық округі Әкімінің 2009 жылғы 16 қазандағы № 17 шешімі. Қостанай облысы Федоров ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 16 қарашада № 9-20-162 тіркелді

Ескерту. Тақырыбында және бүкіл мәтін бойынша "селосындағы", "селолық", "селосының" деген сөздері "ауылындағы", "ауылдық", "ауылының" деген сөздермен ауыстырылды - Қостанай облысы Федоров ауданы Камышин ауылдық округі әкімінің 29.05.2014 № 7 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14-бабына сәйкес, Федоров ауданы Камышин селолық округі, Камышный Чандак селосы тұрғындарының пікірін ескере отырып

### ШЕШІМ

### ҚАБЫЛДАДЫ:

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - Қостанай облысы Федоров ауданы Камышин ауылдық округі әкімінің 29.05.2014 № 7 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Камышин ауылдық округінің Камышин Чандак ауылындағы Рабочая көшесіне Турар Рыскулов көшесі деп қайта атауы берілсін.
2. Камышин ауылдық округінің Камышин Чандак ауылындағы Озерная көшесіне Иван Братышев көшесі деп қайта атауы берілсін.
3. Камышин ауылдық округінің Камышин Чандак ауылындағы Набережная көшесіне Мусабек Оспанов көшесі деп қайта атауы берілсін.
4. Камышин ауылдық округінің Камышин Чандак ауылындағы Русская тұйық көшесіне Михаил Ольховский тұйық көшесі деп қайта атауы берілсін.
5. "Камышин селолық округінің Камышин Чандак селосындағы құрамдас бөліктердің атауы туралы" Камышин селолық округі әкімінің 2008 жылғы 12 қарашадағы № 27 шешімінің күші жойылды деп танылсын (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9-20-121 болып тіркелген, 2009 жылдың 9 қаңтардағы "Федоровские новости" газетінде жарияланған).
6. Осы шешім алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аким

Б. Бектұрғанов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК